

КОНЦЕССИЯЛЫҚ ШАРТТЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

*Қансеитов Р.Д., заң факультетінің магистранты
Ильясова Г.А., з.ғ.к., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессоры
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Концессияның құқықтық табиғатын анықтауға қатысты еңбектер алғашқы рет XIX ғасырда пайда болды. Сондай-ақ, алғашқыда концессиялық келісімнің құқықтық табиғаты емес, концессияның құқықтық табиғатына қатысты дискуссиялар төңірегінде өрбіді. Осы кезеңде концессияның құқықтық табиғатына қатысты келесі тұжырымдар қарастырылды: 1) әкімшілік акт ретінде; 2) аралас акт ретінде; 3) жекелеген шарт ретінде. Концессияны әкімшілік акт ретінде қарастыру негізінен швейцарлық және немістік доктриналарға тән болатын. Аталмыш доктринаның белсенді жақтасы ретінде профессор Гейслер болды, ол концессияны мемлекеттің биліктік құқықтарының көрінісі ретінде азаматтық саламен ешқандай байланысын көрмеген. Гейслер: «Ол шарт ұғымын білдіре алмайды, себебі, концессионер мемлекеттің биліктік құқығына қатыса алмайды және бұл артықшылық бойынша мемлекет ештеңемен шектеліне алмайды», - деген [1, 9].

Концессияның негізіндегі шарт теориясы Франциядан таралған еді. Осы мәселе бойынша Француздық доктринаның дамуын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады, бұл кезеңдердің соңы «жария қызмет теориясы» пайда болды. Бұл теория бойынша концессияны концессионердің мүліктік мүдделерін реттеуде азаматтық құқықпен, ал қалған бөлігінде жария құқықпен реттелетін әкімшілік шарт ретінде анықтаған [2, 123]. Концессионер мемлекеттік қызметтер болып табылмайды, алайда, жасалған шарт бойынша ол мемлекеттік органдар жария қызметті жеке секторға жүзеге асыруға береді. Аталмыш теория мемлекеттің бір жақты тәртіпте шартты өзгерту мен орындаудан бас тартуды тек қоғамдық мүддені қорғау мақсатында және тек концессионерге келтірілген зиян мен залалдарға компенсация жүзеге асырылуын қарастырады [3, 478]. Жария қызмет теориясы мемлекетке биліктік құзыретін жүзеге асыруға рұқсат етеді, алайда, ол тек концессионердің мүліктік мүдделерімен қоғамның мүдделерінің арақатынасын сақтау негізінде мүмкін болмақ. Бұл теория кеңестік дәуірде өз жақтастарын таппағанмен Францияда кең қолданысқа ие болды.

Қазіргі уақытта концессиялық шарттың өзінің құқықтық табиғатын анықтау мәселесі маңызды болуда.

Концессиялық шарттың құқықтық табиғатының теорияларын дәстүрлі төрт түрге бөлуге болады: 1) концессиялық шартты әкімшілік (жария-құқықтық) шарт ретінде қарастыратын теория. Бұндай теорияның жақтастары ретінде, жекелегенде: М.М. Богуславский, В.П. Мозолин, М.И. Кулагин, Ю.М. Юмашев, Д.Н. Бахрах, В.Г. Розенфельд, Ю.Н. Стариков, Б.Д. Клюкин, Е.И. Иншакова, Д.В. Хаустов, А.В. Демин және басқа да зерттеушілерді атауға болады; 2) концессиялық шартты жария және жеке құқықтың бірігуінен туындаған шарт теориясы, оны «екіжақты», «гетерогенді», «симбиозды», «кешенді» деп атайды, ал концессиялық шартты ерекше типтегі «*suī generis*» шарт ретінде сипаттайды. Бұндай теорияның жақтастары ретінде келесі зерттеушілерді атауға болады: С.А. Сосна, Н.Г. Доронина, М.А. Субботин, В.Г. Варнавский, Ю.В. Зворыкина, Д.М. Амуц, С.С. Селиверстов, К.И. Налетов, О.Н. Савинова; 3) концессияны азаматтық құқықтық шарт ретінде қарастыратын теория. Аталмыш теория келесі зерттеушілердің жұмыстарында кездестуіге болады: Н.Н. Вознесенской, А.А. Костина, Б.Н. Топорнина, Я.О. Золоевой, А.И. Попова, И.С. Вахтинская және т.б.; 4) концессиялық шартты халықаралық-құқықтық шарт ретінде қарастыратын теория. Аталмыш теория ТМД зерттеуші-ғалымдарынан қолдауды таппағанмен, келесі шетелдік заңгерлердің еңбектерінде қарастырылған: Г. Шварценбергер, Е. И. Нвогугу, Ю. Кууси және т.б.

Концессия шартының құқықтық табиғатына қатысты теориялардың ішіндегі кең қолданысқа ие болмаса да, аз бірақ тұрақты қолдауды тауып келе жатқан теория ол – халықаралық-құқықтық теория. Ол концессиялық шартқа қатысты туындаған дауларды реттеуде халықаралық арбитраждық институттармен халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалары мен қағидаларына сәйкес реттелуінде болып отыр. Алайда, халықаралық арбитраждық тәжірибеде концессия шартының құқықтық табиғатына сәйкес жалпы тұжырым қалыптаспаған [4, 28].

Концессиялық шарттың құқықтық табиғатын анықтауда концессиямен ұқсас құқықтық институттарды салыстыру арқылы қарастырған. Ең кең таралған салыстыру ол концессия мен арендаға қатысты дискуссиялар болатын. Қазіргі уақытта аталмыш дискуссия әлі де жалғасуда.

Аренда мен концессия бірдей деген ойдың жақтастары концессиялар туралы заңның қабылданғанына дейін пайымдап келген болатын. Мәселен, ресей ғалымы В.В. Котов: «концессия аренданың бір түрі ғана және өзара жеке экономикалық категория бола алмайды, алайда, ол концессия мен аренда негізінде бір экономикалық категория болғанымен, аренда мен концессияда түрлік ерекшеліктер бар» деп анықтаған [5, 33]. Бірақ та көптеген зерттеушілер концессия мен аренда әртүрлі қатынастар екенін анықтауда негізгі үш ерекшелігін белгілейді [6, 54]. Сондай-ақ қосымша төрт ерекшеліктерін де атауға болады, олар: 1) негізгі ерекшелігінің мәні келесіде, концессиялық келісім бойынша концессионер концессиялық мүлікпен пайдалануға міндетті ғана емес, оның жағдайын сапалы жақсартуы тиіс. Ал, мүлікті жалдау шарты бойынша жалдау уақыты аяқталысымен мүлікті пайдалану үрдісінде натуралдық қасиетін сақтай отыра иесіне қайтарып береді. Мәселен, ҚР концессиялар туралы заңының 1-бабының 6-тармағында «концессия – концессия объектілерін құруға (реконструкциялауға) және пайдалануға бағытталған, концессионердің қаражаты есебінен немесе концеденттің қоса қаржыландыруы шарттарымен жүзеге асырылатын қызмет» деп бекітілген; 2) Концессионерге концессиялық келісімнің объектісін пайдалану тек құқық ғана емес, сондай-ақ міндет болып табылады. Концессиялар туралы заңның 26-бабының 2-т. 1,2-тармақшаларына сәйкес, концессионер концессия объектілерінің бейінін сақтауға және шартта көзделген жұмыстарды (қызметтерді көрсетуге) жүргізуге міндетті; 3) концессиялық келісім объектісінің ерекше табиғатына байланыстылығы, шарттық және шарттан тыс міндеттемелер бойынша концеденттің жауапкершілігі туғанда заттай өндіріп алу мүмкіндігінің болмауында [7, 154]. Басым бөлігінде концессияға берілетін АҚ-тің 193-1-бабында белгіленген ерекше құқықтық режимдегі объектілерге жатады. Заңнамада заттық құқықтардың кепіл болуы кең таралған. Мәселен, ҚР Жер кодексінің 79-бабына сәйкес, жер пайдалану құқығында жер учаскелері бар жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар кепілге беруші бол алады. Алайда, концессиялар туралы заңның 5-баптың 4-тармағына сәйкес, концессия объектісі кепіл нысанасы болмайды. Бұл да концессияның ерекшеліктерінің бірі болып табылады; 4) концессиялық қызмет ол тек қана концессиялық шартқа сәйкес негізделген пайда табыс мақсатында жүзеге асырылатын ынталы қызмет көрінісі нысанындағы – кәсіпкерлік қызмет болып табылса (ҚР АҚ-10 б.). АҚ-тің 29-тарауында белгіленгендей мүлікті ақы төлеп иелену мен пайдалануға беруге байланысты шарттардың жалдау мақсаттары әр түрлі болуы мүмкін; 5) концессиялық қатынастарда мүлікке қатысты құқықтарды жүзеге асыру үшін концессионер анықтаудың заңда белгіленген арнайы конкурстық іріктеме белгіленген. Арендалық қатынастарда мүлікті жалға алушыға осындай сипаттағы белгілі бір шектеулер қойылмайды; 6) Концессиялар туралы заңға сәйкес концессионерлер мемлекеттік қолдау шараларына сондай-ақ инвестициялық заңнамаға сәйкес берілетін инвестициялық преференциялардың субъектісі бола алады. Мүлікті жалдау қатынастарында бұндай үрдіс жоқ; 7) АҚ-тің 540-бабына сәйкес, мүлікті жалдау (аренда) шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді, яғни жалдау ақысын төлейді. Ал концессия шарты бойынша концессионер концедентке салық және өзге де міндетті төлемдерден басқа қандайда бір ақы төлемейді.

Жоғарыда айтылған аргументтерді ескере келіп, аренда және концессия қатынастары өзгеше әртүрлі қатынастар деген негіз жасауға болады. Концессияда арендалық, мердігерлік қатынастармен кейбір ұқсастықтары бар болғанымен, елеулі белгілері бойынша олар ерекшеленеді. Концессиялық қатынас өзінің шаруашылық мақсатын байланысты мердігерлік, заемдық, зияткерлік қатынастарын қамти келе олардан туындайтын міндеттемелік, заттық, авторлық немесе өзге де құқықтық қатынастар туындайтын қоғамдық қатынастар жиынтығы деп анықтауға болады.

Концессиялық шарт көптеген шетелдік мемлекеттерде мемлекеттік және өзге жария-құқықтық құрылымдар меншігін жүзеге асырудың экономикалық механизмі ретінде танылған. Сәйкесінше, осы мемлекеттердің ұлттық құқықтық жүйесінде концессиялық шарттық құқықтық институты, кейіннен концессиялық-құқықтық қатынастар қалыптасты [3, 154]. Концессия институты, жалпы, ұлттық экономиканы дамыту және жекелегенде инфрақұрылымды дамыту мақсатында мемлекеттің (Үкіметтің және муниципалды органдар сипатындағы) жеке инвестицияларды (ұлттық немесе шетелдік) тарту мақсатындағы пайда болатын қатынастардың құқықтық нысаны.

Концессиялық қатынастардың негізінде тараптардың: мемлекет пен жеке сектордың өзара мүдделілігі жатады. Концессия ұғымы әр түрлі анықталатын кең ауқымды ұғым. Тіптен бірқалыптағы концессиялар әр мемлекетте ұлттық құқық ерекшеліктеріне сәйкес өзгеше

анықталады. Европалық комиссияның берген анықтамасына сәйкес, концессия – бұл «мемлекеттік актілер қатарына жатқызылатын, негізінде мемлекеттік билік үшінші жаққа сенім білдіру негізіндегі келісім жолдарымен немесе біржақты акт негізінде жобаны жүзеге асыру барысындағы тәуекелдерді өзара бөлісу». Мәселен, Дүниежүзілік Банктің концессиялық үрдісті анықтау барысында инвестиция ұғымын синонимдеуге тырысқан. Сондай-ақ, концессия ұғымында концессиялық шарттың өзі ұғынылады. Концессия теоретигі, ірі зерттеуші Ж. Ведель келесдей анықтайды: «концессия термині әкімшілік құқықтағы ең бір тұрақсыз терминдердің бірі. Негізінде әкімшілікпен берілетін рұқсатты ескермесек, жария құқықпен қатыстылығы шамалы операцияларды белгілеуге қолданылады» [2, 153].

Ең кең ауқымда концессия ұғымы: «мемлекет пен жеке меншіктегі заңды және жеке тұлғалармен өз меншігіндегі табиғи ресурстарды, кәсіпорындарды және өзге де шаруашылық объектілерді белгілі бір уақытқа және белгілі шарттар бойынша эксплуатациялауға бағатталған әрекеттерді қамтитын шарт».

Концессияны мемлекет пен жеке инвесторлардың әріптестігінің бір нысаны ретінде анықтайтын ұғымдардың алуан болуына қарамастан, оның келесідей ортақ белгілерін атауға болады:

- Концессия пәні мемлекеттік (республикалық немесе муниципалды) меншік немесе мемлекеттік билік органдарының монополиялық қызмет түрі;
- Концессия мақсаты – қоғамның қажеттіліктерін және мүдделерін қанағаттандыру;
- Концессия шартының тараптары – мемлекет (билік органдары немесе құзырет берілген органдар нысанында) пен жеке инвестор (ұлттық немесе шетелдік жеке немесе заңды тұлғалар);
- Концессия келісімінің маңызды шарттары – концессиялық жобаны жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттердің жазбаша нысанда бекітілуі;
- Концессияның шарттық негізі;
- Өтемелі негізі;
- Шартты жүзеге асыруға қатысты тікелей немесе жанама әсер ететін тәуекелдердің өзара бөлісуі;
- Концессионерге мемлекет тарапынан жасалатын қолдаулар (салықтық, әріптестік преференциялар болуы мүмкін);
- Шарттың біржақты негізде орындаудан бас тартуға негіз беретін жағдайлардың мүмкіндігінше жол берілмеуі (берілген жағдайда тек қоғам мен мемлекеттің мүддесіне қайшы келуі нәтижесінде);
- Шартқа қатысты тараптар арасындағы дауларды шешуде кез-келген заңнамамен тыйым салынбаған заңдық әрекеттермен жүзеге асырылуы мүмкіндігі;

Концессиялық келісімдер – бұл ішкі құқықпен реттелетін құқықтық қатынастар және ол халықаралық шарттар болып есептелмейді. Ұлттық заңнама бойынша концессия ол – концессия шарты бойынша мемлекеттік меншік объектілерін жақсарту және тиімді пайдалану мақсатында уақытша иеленуге және пайдалануға, сондай-ақ мұндай объектілерді одан әрі пайдалану үшін концессионерге оны иелену, пайдалану құқықтарын беру арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қолдауды ұсыну арқылы не онсыз кейіннен мұндай объектілерді мемлекетке бере отырып, концессионердің қаражаты есебінен немесе қоса қаржыландыруы шартымен жаңа объектілер құру (салу) құқықтарын беру [8]. Концессиялық келісім (концессиялық шарт) өзінің табиғаты бойынша мүлікті жалдау элементімен араласқан шарт. Қолданыстағы заңнама бойынша мүлікті жалдау (аренда) шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді (ҚР АҚ-тің 540-бабы). Бұнда мүлікті жалдауға кәсіпорындар мен басқа да мүліктік кешендер, жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, жабдықтар, көлік құралдары және оларды пайдалану процесінде өздерінің табиғи қасиеттерін жоймайтын басқа да заттар (тұтынылмайтын заттар) болуы мүмкін. Мүлікті жалға алушы мүлікке қатысты иелену және пайдалану құқықтарын алғанмен, оған қатысты билік ету құқығын алмайды, сәйкесінше жеке меншік иесі бола алмағанмен, уақытша мүлікті жалдау мүлкіне құқыққа азаматтық айналымның өзге де қатысушыларын шектейді. Мүлікті жалға беру құқығы оның меншік иесіне тиесілі. Заң актілерінде уәкілдік берілген немесе меншік иесі мүлкін жалға беруге тапсырған тұлғалар да жалға берушілер бола алады (ҚР АҚ-543-бап). Концессиялық қатынаста мүлікті концессияға беруші болып әрқашан концедент – Қазақстан Республикасы, оның атынан әрекет ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган, сондай-ақ олар концессия шартын жасауға уәкілдік берген мемлекеттік органдар болады [8]. Конституцияның 6-бабының 1-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасында мемлекеттік пен жеке меншік танылады және

бірдей қорғалады. Яғни, концессияға берілетін мүлік тек мемлекет меншігі болуы мүмкін. Мемлекеттік меншікке қатысты басқаруды, Конституцияның 66-бабының 4-тармақшасына сәйкес Үкімет ұйымдастырады. Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншік түрінде көрінгендіктен (АК-тің 192-бап) тиісінше Үкімет және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Сонымен қатар, концессиялық келісім мүлікті жалдау (аренда) келісімінің бір түрі ретінде тек өзіне тән ерекшеліктерге ие: 1) концессиялық келісімнің бір тарабы ретінде әрқашан өз органдары арқылы мемлекет қатысады. Бұл тетіктің құқықтық негіздері жоғарыда аталған нысанда жүзеге асады; 2) концессионерге пайдалануға тек мемлекеттік меншік объектілері берілуі мүмкін (арендаға берілген, жеке меншіктегі объектілер берілуі мүмкін); 3) концессионер концессияға беріліп отырған мүліктің меншік иесі бола алмайды (арендада арендаға алынған мүлікті сатып алу мүмкіндігі қарастырылады); 4) концессияның маңызды шарттарының бірі болып мемлекеттік меншік объектілерін жақсарту және тиімді басқару мақсатында инвестициялау болып табылады; 5) концессионер жалға алынған мүлікке ақы төлемейді (мүлікті жалдау шарты бойынша бұл басты шарттардың бірі болып табылады).

Концессиялық қатынастарды реттейтін заң нормаларын шартты түрде жария не жеке құқыққа бөлу бұл қатынастардың алдағы уақытта дамуы байланысты арта түседі. Себебі, концессиялық қатынастарды реттеуде қолданылатын құралдардың тараптардың құқықтары мен мүдделерінің мейлінше тең және толық қорғалуы мен қамтамасыз етілуіне мүмкіндіктің болуы бұл қатынастарға сұраныстың артуына жол ашады. Бұндағы тараптардың құқықтары мен мүдделерінің құқықтық қамтамасыз етілуі маңызды орынға қойылған жөн. Осы қатынастардан мүдделердің қақтығысын аңғаруға болады, мәселен, мемлекет концедент (мемлекет) мемлекеттік меншік объектілерін жақсарту және тиімді пайдалану мақсатында, өзіне қажетті жаңа объектілерді құру, салу үшін өзінің сұранысын білдіреді. Құқықтық тілде бұл шарт жасасу туралы бір немесе бірнеше нақты тараптарға жасалған ұсыныс, егер ол жеткілікті дәрежеде айқын болып, ұсыныс жасаған (оферта) тараптың ол қабылданған жағдайда (акцепт) өзін сонымен байланысты деп есептеу жөніндегі ниетін көрсетсе, оферта деп танылады (АК-тің 395-бабы). Мемлекет өз мүдделерін мейлінше қорғалғанын қаласа, концессионерде өзінің құқықтары мен мүдделерінің тиісінше қамтамасыз етілуін алғышартқа қояды. Аталмыш байланыс Концессия туралы заңның 3-бабында концессияның негізгі принциптері қатарында: концедент пен концессионердің мүдделері мен тәуекелдерінің теңдестірілімін қамтамасыз етуге негізделеді. Концессионердің мүдделерінің қатарында келесілерді атап өтуге болады: аталмыш қызмет негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді көздейтін – коммерциялық қызмет болғандықтан, сондай-ақ, азаматтар мен заңды тұлғаларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған ынталы қызмет – кәсіпкерлік болып табылатындықтан концессиялық қызметтен таза табыс алу мүддесі, сондай-ақ құқығы. Концессиялар туралы заңның 26-бабының 1-тармағында көзделген ережелерді атауға болады. Концеденттің мүдделері мен құқықтары туралы ережелері аталмыш заңның 25-бабында көрініс тапқан.

Сонымен, ұлттық концессиялық заңнама жария құқықтық элементі бар азаматтық-құқықтық қатынастарды реттейді деп анықтауға жоғарыда аталған негіздер бола алады.

2006 жылы 7-шілдеде қабылданған «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңы мемлекеттің концессиялық қатынастардың шарттық реттеуінің негізгі мәселелері көрініс тапты. Аталмыш заңның 21-бабына сәйкес, концессия шартының мазмұны анықталды.

Концессиялық қатынастарды дамытуға беталыс алған мемлекеттердің құқықтық заңнамаларында концессиялық келісімдер, концессиялар, концессиялық шарттар деп атала беріледі. Мәселен, РФ-да «Концессиялық келісімдер туралы заң» деп аталынса, ҚР-да «Концессиялар» деп аталып, концессиялық шартпен бекітілген, Францияда тек «Концессиялар», Жапонияда «Жеке қаржылық бастамалар» Азаматтық заңнамаға сәйкес, екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп танылады. Ұлттық заңнама «келісім» және «шарт» ұғымдарын тең дәрежеде қолданатындығын байқауға болады. Егер Концессиялар туралы заңның 4-тарауы концессия шарты деп аталса, бағалы қағаздар нарығы туралы заңда концессиялық келісім деп атауға болады. Концессиялар туралы Заңның 1-бабының 18 п. сәйкес, «Концессия шарты ол – концедент пен концессионер арасында жасалатын, тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, концессияны іске асыру шарттарын айқындайтын жазбаша келісім». Ұлттық заңнамада жалпы таралған шарт ұғымына сәйкес (АК-тің 378-бабы) концессиялар туралы заңның 1-бабының 7-

тармағында анықталған шарт ұғымы толық сәйкес келмейді. Тіптен шарттың маңызды елеулі элементі оны тоқтату ережелері туралы айтылмаған. Концессия шартын өзге де басқа шарттардан ерекшелетін белгілері заңдық анықтамасында көрініс таппаған. Шарттың мазмұнын, жасалу мақсатын, құқықтық табиғатын ашпайды. Бұндай анықтама тым жалпылама және абстрактілік сипатта және барлық келісімге тән белгілер ретінде көрінеді, бұл өз кезегінде тәжірибеде түрлі құқық бұзушылықтарға жол беруі мүмкін.

Заңның 1-бабының 18-тармағына келесідей жаңа редакциясын ұсынуға болар еді:

«18. Концессия шарты – бір тарап, концеденттің, екінші тарап, концессионерге, концессионердің қаражаты есебінен немесе концеденттің қоса қаржыландыруы шарттарымен, концессия объектілерін құру (реконструкциялауға) және пайдалану туралы келісімі».

Концессиялық шарттың объектісі – «концессия шарты бойынша құрылатын (реконструкцияланатын) және пайдаланылатын, тізбеге енгізілген әлеуметтік инфрақұрылым мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілері» (14-тармақ). Концессияға ұсынылатын объектілердің ҚР Үкіметі бекітетін, орташа мерзімділік кезеңге арналған тізбеге енгізілген, жұмыс істеп тұрған мемлекеттік меншік объектілері және концессия шартының талаптарын орындау нәтижелері бойынша болашақта пайда болатын объектілер. Концессия объектісінің мәнін толық ашу үшін концессия ұғымының заңдағы анықтамасына сүйенген жөн, концессиялар туралы заңның 1-бабының 6-тармағына сәйкес «концессия – концессия объектілерін құруға (реконструкциялауға) және пайдалануға бағытталған, концессионердің қаражаты есебінен немесе концеденттің қоса қаржыландыруы шарттарымен жүзеге асырылатын қызмет». Бұдан концессия объектісін екіге жіктеуге болады:

1. Тізбеге енгізілген жұмыс істеп тұрған мемлекеттік меншік объектілері;
2. Концессия шартының талаптарын орындау нәтижелері бойынша болашақта пайда болатын объектілер.

Әдебиеттер тізімі:

1 Heusler. Rechtsgutachten betreffend die rechtliche Natur der Eisenbahnconcessionen im Allgemeinen. - Basel: 1877. - С. 8-9.

2 Таль Л. С. Концессионные договоры городских общественных управлений. // Закон. - 2006. - № 11.- С. 115-126.

3 Ведель Ж. Административное право Франции. / Пер. с фран. Л. М. Энтина; Под ред. М. А. Крутоголова. – М.: Прогресс, 1973. – 512 с.

4 Багдасарова А.В. Концессионное соглашение в гражданском праве России и зарубежных стран. Автореферат дисс. к.ю.н.: 12.00.03 – М, 2009. - 32 с.

5 Котов В.В. Государственные и муниципальные концессии в системе отношений собственности // Экономика строительства. – 2004. - № 9. – С. 33-39.

6 Дроздов И. К правовой природе концессионного соглашения // Хозяйство и право. – 2006. - № 6. - С. 54-55.

7 Сосна С.А. Концессионные соглашения: теория и практика. – М.: 2002. – 256 с.

8 Қазақстан Республикасының «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі № 167 Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000167_